

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 1174 болып тіркелген " Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстарының сметаларын жасау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 24 мамырдағы N 248 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 229 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 3 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2388. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 7 шілдедегі N 242 бұйрығымен

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 7 шілдедегі N 242 бұйрығынан үзінді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

- 1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау және әдіснамасы департаменті (А.Н.Қалиева) бір апта мерзімде осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін.*
- 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қаржы вице-министрі Ә.А. Смайыловқа жүктелсін.*
- 4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енеді.*

Министр

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 7 ш і л д е д е г і
N 242 бұйрығына қосымша*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізімі

4. "Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстарының сметаларын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 24 мамырдағы N 248 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 229 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдердің

...

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекет кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Жарлығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 1174 болып тіркелген "Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстарының сметаларын жасау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 24 мамырдағы N 248 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің: 1478 болып тіркелген - 2001 жылғы 11 наурыздағы N 123 , 2239 болып тіркелген - 2003 жылғы 19 наурыздағы N 117 бұйрықтарымен өзгерістер енгізілген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

преамбулада "Мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде қазыналық кәсіпорындарымен жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11 мамыр 2000 жылғы N 702 қаулысына " деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Мемлекет кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Жарлығына " деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстарының сметаларын жасау жөніндегі нұсқаулыққа:

7 - т а р м а қ қ а :

екінші абзацта "(табыс" деген сөз "(жеке табыс" деген сөздерге а у ы с т ы р ы л с ы н ;

б е с і н ш і а б з а ц т а :

"табыс" деген сөздің алды "жеке" деген сөзбен толықтырылсын;
"жеке тұлғалардан алынатын" деген сөздер алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай мазмұндағы 8-1, 8-2-тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1. 150 жол бойынша 5-10 бағандарда денсаулық сақтау мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың шығыстарын қоспағанда, мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың шығыстары көрсетіледі";

"8-2. 230 жол бойынша 5-10 бағандарда денсаулық сақтау мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың шығыстарын қоспағанда, мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың шығыстары көрсетіледі";

16-тармақтың екінші абзацынан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Кәсіпорынның кірістері:

білім беру қызметтерін көрсеткен;

косметологиялықты қоспағанда, медициналық (ветеринарлық) қызметтерді

к ө р с е т к е н ;

шоу-бизнес саласындағы қызметтерді қоспағанда, театр-концерт қызметін жүзеге асырған жағдайларда ұлғайғанда;"

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. 16-тармақта көзделген жағдайлардан басқа, бекітілген сметамен салыстырғанда Кәсіпорын кірістері ұлғайған жағдайда шығыстардың сметаларын нақтылау жүргізілмейді.";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте, 16-тармақта көрсетілген Кәсіпорын кірістері ұлғайған жағдайда шығыстардың сметаларын нақтылау жылына бір реттен артық емес жүзеге асырылады.";

Б ұ й р ы қ қ а қ о с ы м ш а д а :

жолдың 090 коды бойынша "заңды тұлғадан табыс салығы" деген сөздер "корпоративтік табыс салығы" деген сөздерге ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр